

## **2009 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың ағымдағы жағдайы**

2009 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 24 ұйым, оның ішінде 9 ипотекалық ұйым тіркелді.

2009 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда банктік емес ұйымдардың секторында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Ұлттық әл-ауқат қоры қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және «Қазақстан инвестициялық қоры туралы» Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 қаңтардағы № 135-IV Заңын қабылдауға байланысты қаржы нарығы қатысушыларының сапалық және сандық өзгерісі болды, осының негізінде мына ұйымдардың лицензиясының қолданылуы 2009 жылғы 21 ақпан айынан бастап тоқтатылды:

- «Медетші қор» АҚ;
- «Қаржы орталығы» АҚ;
- «Достық Энерго» АҚ;
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ;
- «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ;
- «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компания» АҚ;
- «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ.

Бұдан басқа, манадай банктік емес ұйымдардың лицензияларының қолданылуы тоқтатылды:

- «КҰРЫЛЫС ИПОТЕКА» ипотекалық ұйым» АҚ, 2009 жылғы 29 қаңтардан бастап №19;
- «Тимей» ФПК, 2009 жылғы 07 сәуірден бастап №111;
- «Алматы Финанс» ипотекалық ұйым» АҚ, 2009 жылғы 29 сәуірден бастап №128.

№	Ұйымдардың атауы	1.01.2009	1.07.2009
1	Ипотекалық ұйымдар	12	9
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар оның ішінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын	22	15
		4	4
	<b>Жиынтығы</b>	<b>34</b>	<b>24</b>

### **Ипотекалық ұйымдар**


Ипотекалық ұйымдардың барлық қаржы көрсеткіштерінің төмендеуі 3 ипотекалық ұйымның банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензияның қолданылуы тоқтатылуына байланысты.

**Активтер.** 2009 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 90 543,1 млн. теңге құрады, төмендеуі ағымдағы жылдың басынан бастап 57,8% (124 034,7 млн. теңге) болды, бұл 3 ипотекалық ұйымның лицензиясының қолданылуы тоқтатылуына байланысты.


Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасындағы елеулі үлесті заңды және жеке тұлғаға берілген заемдар - 90,5% (81 983,9 млн. теңге) алады, басқа банктерге орналастырылған салымдарға - 0,6% (573,5 млн. теңге), бағалы қағаздарға - 2% (1 789,4 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарға – 1,7% (1531 млн. теңге) келеді.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы мен құрылымы	1.01.2009		1.07.2009		Өсімі,%-бен
	млн. теңге	жиынтығына %-бен	млн. теңге	жиынтығына %-бен	
Ақша	1 736,0	0,8	835,5	0,9	-51,9
Корреспонденттік шоттар	8 788,1	4,1	1 531,0	1,7	-82,6
Бағалы қағаздар	12 502,2	5,8	1 789,4	2,0	-85,7
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	7 822,0	3,7	573,5	0,6	-92,7
«Кері «РЕПО» операциялары	4 688,0	2,2	0	0	-100
Клиенттерге берілген заемдар	165 696,8	77,2	81 983,9	90,5	-50,5
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	4 119,9	1,9	1 860,5	2,1	-54,8
Клиенттерге ұсынылған заемдар мен қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)	-4 679,0	-2,2	-9 865,0	-10,9	2,1 есе
Өзге активтер	13 903,8	6,5	11 834,3	13,1	-14,9
<b>Барлығы активтер</b>	<b>214 577,8</b>	<b>100</b>	<b>90 543,1</b>	<b>100</b>	<b>-57,8</b>

1.01.09ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)



1.07.09ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)




**Кредиттік портфель.** 3 ипотекалық ұйымның лицензиясының қолданылуы тоқтатылуына байланысты ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфелі ағымдағы жылдың басынан 51,9%-ға (88 400,9 млн. теңге) кеміп, ағымдағы жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 81 983,9 млн. теңгені құрады.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің сапасын талдай келе стандартты кредиттер үлесінің кемігенін байқауға болады. Сөйтіп, ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесіне 86,7% келді, ал 2009 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша - 64% келді. Күмәнді кредиттердің үлесі 12,5% бастап 30,7% дейін өсті. Үмітсіз кредиттердің үлесі 2009 жылғы 1 шілдеде 5,3% құрайтынын атап өткен жөн. Абсолюттік мәнінде үмітсіз заемдар сомасы ағымдағы жылдың басынан бастап 2 924,6 млн. теңгеге көбейді.

Несие портфелі сапасының динамикасы	1.01.2009		1.07.2009	
	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	жиынтығына %-бен	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	жиынтығына %-бен
<b>Несие портфелі барлығы</b>	<b>170 384,8</b>	<b>100</b>	<b>81 983,9</b>	<b>100</b>
<b>Стандартты</b>	<b>147 759,7</b>	<b>86,7</b>	<b>52 426,5</b>	<b>64,0</b>
<b>Күмәнділер</b>	<b>21 200,6</b>	<b>12,5</b>	<b>25 208,3</b>	<b>30,7</b>
<i>1-санаттағы күмәнділер</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	9 452,2	5,6	9 654	11,8
<i>2-санаттағы күмәнділер</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	5 399,4	3,2	5 078,5	6,2
<i>3-санаттағы күмәнділер</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	416,1	0,2	124,8	0,2
<i>4-санаттағы күмәнділер</i> - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	3 230,9	1,9	2 700,4	3,3
<i>5-санаттағы күмәнділер</i>	2 702,0	1,6	7 650,6	9,3
<b>Үмітсіздер</b>	<b>1 424,5</b>	<b>0,8</b>	<b>4 349,1</b>	<b>5,3</b>

Ипотекалық ұйымдардың несие портфелінің өзгеру динамикасы, млрд. теңгемен




Ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі 2 ірі ипотекалық ұйымның үлесі ағымдағы жылдың 1 шілдедегі жағдай бойынша 96,7% құрады. Олардың ішінде: «БТА Ипотека» АҚ - 70,9%, «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ - 25,9%.


**Міндеттемелер.** Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің мөлшері 2009 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 95 163,1 млн. теңгеге немесе 58,6%-ға кеміген және 2009 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 67 214,3 млн. теңге болды. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында басқа банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар (54,9%) және айналымға жіберілген бағалы қағаздар (42,6%) басым болды.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	1.01.09		1.07.09		Өсімі %-бен
	млн. теңге	жиынтығына %-бен	млн. теңге	жиынтығына %-бен	
Басқа банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алған заемдар	52 688,1	32,4	36 928,9	54,9	-29,9
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	0	0	0	0	-
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	80 943,0	49,9	28 599,3	42,6	-64,7
Басқа кредиторлар	1 342,2	0,8	750,5	1,1	-44,1
Басқа міндеттемелер	27 404,1	16,9	935,6	1,4	-96,6
<b>Барлығы міндеттемелер</b>	<b>162 377,4</b>	<b>100</b>	<b>67 214,3</b>	<b>100</b>	<b>-58,6</b>

1.01.09ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)




1.07.09ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)



**Кірістілік.** Есепті күнге ипотекалық ұйымдар 1 163,2 млн. теңге мөлшерінде шығын шағарды. Есепті күнге кірістердің жиынтық мөлшері 17 538,2 млн. теңге (2008 жылғы 1 шілдеде – 17 126,4 млн. теңге), шығыстардың жиынтық мөлшері – 18 701,4 млн. теңге (2008 жылғы 1 шілдеде – 16 882,7 млн. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млн. теңгемен	1.07.2008	1.07.2009	Өсімі %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	12 344,7	6 163,2	-50,1
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	8 265,2	3 700,0	-55,2
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	4 781,7	11 375,0	2,4 есе
Сыйақы алумен байланысты емес шығыстар	8 617,5	15 001,4	1,7 есе

Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдер бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер ең көп үлес алады (34,2% немесе 5 995,6 млн. теңге), пайыздық шығыстар құрылымында – қамтамасыз етуге қаржымен байланысты шығыстар көп үлес алады (54% немесе 10 099,1 млн. теңге).



Ипотекалық ұйымдардың меншікті капиталы 2009 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 23 328,8 млн. теңгені құрады, 3 ипотекалық ұйымның лицензиясының қолданылуы тоқтатылуына байланысты бұл ағымдағы жылдың 1 қаңтардағы көрсеткіштен 55,3%-ға (28 871,7 млн. теңгеге) аз.

<b>Меншікті капиталдың жеткіліктілігі</b>	<b>1.01.09</b>	<b>1.07.09</b>
Төленген жарғылық капитал (оның ішінде қосымша капитал), млн. теңге	43 903,4	20 658,8
Есептелген меншікті капитал, млн. теңге	47 626,3	19 439,0
Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті ( $k_1 \geq 0,06$ )	-	0,243
Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті ( $k_1 - 2 \geq 0,06$ )	-	0,255
Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті ( $k_1 - 3 \geq 0,12$ )	-	0,207

### **Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым**

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың барлық қаржы көрсеткіштері бойынша төмендеуі 7 ұйымның лицензиясының қолданылуы тоқтатылуына байланысты.

**Активтер.** 2009 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жиынтық активтері ағымдағы жылдың 1 қаңтардағы деректерімен салыстырғанда 91,6%-ға азайды және 415 021,6 млн. теңгені құрады.

Ұйымдардың активтер құрылымында көп үлесті заңды және жеке тұлғаға берілген заемдар – 38,5% (159 811,7 млн. теңге), дебиторлық берешек – 16,4% (67 985,8 млн. теңге), ақшалар және ақшалай баламалар – 7,9% (32 628,3 млн. теңге) келеді.

<b>Жиынтық активтердің құрылымы, млн. теңгемен</b>	<b>1.01.2009</b>	<b>жиынтығына %-бен</b>	<b>1.07.2009</b>	<b>жиынтығына %-бен</b>	<b>Өсімі %-бен</b>
<b>Активтер, оның ішінде:</b>	<b>4 956 627,6</b>	-	<b>415 021,6</b>	-	<b>-91,6</b>
Ақшалар және ақшалай баламалар	180 550,6	3,6	32 628,3	7,9	-81,9
Орналасырылған салымдар	991 761,7	20,0	7 988,6	1,9	-99,2
Бағалы қағаздар	26 324,2	0,5	13 067,4	3,1	-50,4
Клиенттерге берілген зайымдар	373 487,2	7,5	159 811,7	38,5	-57,2
Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар	3 130 322,1	63,2	13 072,9	3,2	-99,6
Дебиторлық берешек	83 242,0	1,7	67 985,8	16,4	-18,3
Басқа активтер	170 939,8	3,5	120 466,9	29,0	-29,5

**Міндеттемелер.** Ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері есепті күнге 61,6%-ға азайды және 268 913,2 млн. теңгені құрады. Ұйымдар міндеттемелерінің құрылымында шағын үлесті зайымдар мен қаржылық жалдау – 66,4% (178 516 млн. теңге) алып жатыр.

<b>Жиынтық міндеттемелердің құрылымы, млн. теңгемен</b>	<b>1.01.2009</b>	<b>жиынтығына %-бен</b>	<b>1.07.2009</b>	<b>жиынтығына %-бен</b>	<b>Өсімі %-бен</b>
<b>Міндеттемелер, оның ішінде:</b>	<b>700 176,5</b>	-	<b>268 913,2</b>	-	<b>-61,6</b>
Тартылған салымдар	7 026,6	1,0	8 979,2	3,3	27,8
Зайымдар және қаржылық жалдау	581 653,2	83,1	178 516,0	66,4	-69,3
Айналысқа шығарылған борыштық бағалы қағаздар	20 800,4	3,0	20 213,1	7,5	-2,8
Кредиторлық берешек	31 117,4	4,4	22 287,3	8,3	-28,4
Басқа міндеттемелер	59 578,9	8,5	38 917,6	14,5	-34,7

**Кредиттік портфель.** 2009 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жиынтық несиелік портфельдің құрылымында стандартты кредиттердің үлесі 83,7%%, күмәнділер – 11,9% және үмітсіздер – 4,4% құрады, 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі 94%, күмәнділер – 5,2%, үмітсіздер – 0,8% құрады.

**Капитал.** Ағымдағы жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша деректермен салыстырғанда 4 110 342,8 млн. теңгеге (96,6%) азайып, 2009 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар капиталының жиынтық көлемі 146 108,3 млн. теңгені құрады.

(млн. теңге)

	1.01.2009	жиынтығына %-бен	1.07.2009	жиынтығына %-бен	Өсімі %-бен
<b>Капитал</b>	<b>4 256 451,1</b>	-	<b>146 108,3</b>	-	<b>-96,6</b>
Жарғылық капитал	3 829 174,6	90,0	140 064,6	95,9	-96,3
Бөлінбеген таза пайда (өтелмеген шығын)	421 509,1	9,9	-764,8	-0,5	-